

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Басқармасының шешімімен  
(2023 жылдың 20 маусымындағы  
№ 57 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2023 жылдың 20 маусымынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

Төлем карточкаларының банкаралық  
жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын  
қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік  
қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу  
және бақылау қызметтерін көрсету

## **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Осы Ережелер "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 29 қазанындағы № 254 қаулысымен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне, "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Биржаның төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету шарттары мен тәртібін анықтайды.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның ішкі құжаттарында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:
  - 1) **ІҚ** – ішкі құжаттар;
  - 2) **МБҚ** – есеп айырысуды аяқтау үшін кепілдік қамтамасыз ету ретінде ҚРҰБ қабылдайтын мемлекеттік бағалы қағаздар;
  - 3) **Келісім-шарт** – төлем карталарының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету туралы келісім-шарт;
  - 4) **кепілдік қамтамасыз ету** – МБҚ және/немесе ұлттық валютадағы ақша;
  - 5) **Келісім-шартқа қосылу туралы өтініш** – Қатысушы толтырған, Биржаның нысаны бойынша Қатысушының Келісім-шартқа қосылу туралы жазбаша өтініші;
  - 6) **клирингілік қатысушы** – Биржамен клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарт жасасқан заңды тұлға;
  - 7) **ХТЖ** – Visa және MasterCard халықаралық төлем жүйелері;
  - 8) **ААБЖ** – ақша аударудың банкаралық жүйесі;
  - 9) **ТКБЖ** – төлем карталарының банкаралық жүйесі;
  - 10) **ҚРҰБ** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ;
  - 11) **КЖ/ТҚҚ** – ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;
  - 12) **Клирингілік ережелер** – Биржаның "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаты;
  - 13) **Есеп айырысу ережелері** – Биржаның "Қор нарығында орталық контрагентпен мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаты;
  - 14) **Келісім** – Биржа мен ҚРҰБ арасында жасалған есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету туралы келісім;
  - 15) **Қатысушының қосалқы шоты** – Қатысушы ашатын не клирингілік қатысушы Қатысушыға "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да ашатын және кепілдік қамтамасыз етуді қабылдауға, сақтауға, есепке алуға және бақылауға арналған жеке шоттың қосалқы шоты;
  - 16) **қамтамасыз ету сомасы** – ҚРҰБ есептейтін және қамтамасыз ету құнын білдіретін сома, оны Қатысушы ТКБЖ-де есеп айырысуларға кепілдік беру үшін Қамтамасыз ету шотына енгізуі тиіс;
  - 17) **Қамтамасыз ету шоты** – Биржа Қатысушыға ашқан және төлем карточкаларының банкаралық жүйесіндегі есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдауға, есепке алуға және бақылауға арналған

клиринглік шот;

- 18) **Қызметтер** – төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау жөніндегі қызметтер;
  - 19) **Қатысушы** – заңды тұлға, ТКБЖ қатысушысы;
  - 20) **Орталық депозитарий** – "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ.
2. Биржа Қатысушыларға Қызмет көрсетеді. Қатысушы Биржаның клиринглік қатысушысы не Биржаның клиринглік қатысушысының қор нарығындағы клиенті болуға тиіс. Егер Қатысушы Биржаның клиринглік қатысушысының клиенті болып табылса, Қатысушының Биржамен өзара іс-қимылы оған қызмет көрсететін клиринглік қатысушы арқылы жүзеге асырылады.
  3. Биржа мен Қатысушы немесе өзі клиенті болып табылатын клиринглік қатысушы арасында жасалған осы Ережелерге 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Келісім-шарт Биржаның Қызметтер көрсетуі үшін негіз болып табылады. Келісім-шарт қосылу келісім-шарты болып табылады. Келісім-шарт Биржаның [www.kase.kz](http://www.kase.kz) интернет-ресурсында жарияланды. Қатысушы осы Ережелерге 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою жолымен Келісім-шартқа қосылады. Қатысушы Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішті Биржа алған күннен бастап Келісім-шартқа қосылған болып есептеледі.

## 2 тарау. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШОТЫН АШУ

4. Қатысушы есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысу туралы келісім-шарт жасасқан күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қатысушы Қатысушының қосалқы шотын ашуға тиіс. Қатысушы ХТЖ-ның әрбір түрі үшін Қатысушының жеке қосалқы шотын ашады.
5. Қатысушының қосалқы шоты ашылған күні Алматы уақыты бойынша сағат 17:00-ге дейінгі мерзімде Қатысушы осы Ережелерге 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша осындай шоттың ашылғаны туралы Биржаға хабарлауға тиіс.
6. Биржаның клиринглік жүйесінде қамтамасыз ету шоты Қатысушының қосалқы шотын ашқан күні автоматты түрде ашылады.
7. Биржаның клиринглік бөлімшесі Қамтамасыз ету шотының ашылғаны туралы Биржаның есеп айырысу бөлімшесін ол ашылған күні корпоративтік электрондық пошта бойынша еркін нысандағы ақпараттық хат түрінде хабардар етеді.

## 3 тарау. КЕПІЛДІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҚАБЫЛДАУ

8. Қатысушы кепілді қамтамасыз етуді түрлерін ҚРҰБ анықталған МБҚ түрінде және/немесе ұлттық валютадағы ақша түрінде бере алады.
9. Қатысушы ҚРҰБ-нен кепілдік қамтамасыз етуге қабылданатын МБҚ түрлері және ХТЖ-ның әрбір түрі бойынша қамтамасыз ету сомасы туралы мәліметтерді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қамтамасыз ету шотында қамтамасыз ету сомасынан кем емес сомада МБҚ болуын және/немесе қамтамасыз ету сомасынан кем емес сомада Биржаның Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотында ұлттық валютада ақшаның болуын қамтамасыз етеді.
10. Биржа Келісімнің шарттарына сәйкес ҚРҰБ-нен алынған кепілдік қамтамасыз ету сомасы туралы ақпараттың негізінде Қатысушыны кепілдік қамтамасыз етуге билік етуге шектеу шектелімін белгілейді.

#### **4 тарау. КЕПІЛДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ**

11. Биржа Биржаның ІҚ-на сәйкес барлық сауда-саттық сессиялары жабылғаннан кейін сауда-саттық нәтижелері бойынша кепілдік қамтамасыз етуге берілген МБҚ құнын күн сайын қайта есептеуді жүзеге асырады. МБҚ-ның алынған есептік құны кепілдік қамтамасыз ету құнын бағалау үшін МБҚ құнын есептеу күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні қолданылады.
12. Биржаның оларды қайта бағалау қорытындылары бойынша МБҚ құнының өзгеруіне байланысты қамтамасыз ету шотында қамтамасыз ету сомасы жеткіліксіз болған кезде Биржа Қатысушыға Қамтамасыз ету шотына қосымша кепілдік қамтамасыз етуді жеткізу бойынша талап қояды. Қатысушы Биржадан талап алған күннен бастап Алматы уақыты бойынша сағат 14:00-ге дейінгі мерзімде қосымша кепілдік қамтамасыз етуді қоюы тиіс.
13. Қатысушы Биржаның талаптарын орындамаған жағдайда Биржа ҚРҰБ-не хабарлайды. Хабарлама Келісімнің шарттарына сәйкес электрондық пошта арқылы ақпараттық хат нысанында ҚРҰБ-не жіберіледі.
14. Ай сайын 5 (бесінші) жұмыс күніне дейінгі мерзімде ҚРҰБ Биржаға электрондық пошта арқылы Қатысушыны қамтамасыз ету сомасы туралы ақпараттық хат жібереді. Биржа қамтамасыз ету сомасы туралы ақпараттық хатты алған күні Қатысушыға жаңа шектеу шектелімін белгілейді.
15. Ай сайын 8 (сегізінші) жұмыс күніне дейінгі мерзімде Биржа ҚРҰБ-не электрондық пошта арқылы ақпараттық хат нысанында МБҚ Қатысушысын қамтамасыз ету шотында Қатысушыны қамтамасыз ету сомасынан кем емес сомаға ұлттық валютадағы ақшаның болуы туралы хабарлайды.

#### **5 тарау. ТКБЖ-де ЕСЕПТЕУЛЕРДІ АЯҚТАУ ҮШІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ПАЙДАЛАНУ**

16. Қатысушының кепілдік қамтамасыз етуін оның ТКБЖ-гі есеп айырысуларын аяқтау үшін пайдалану қажеттілігі туындаған кезде ҚРҰБ электрондық пошта арқылы Биржаға Қатысушының есеп айырысуларын аяқтау үшін талап етілетін өтімділік мөлшері туралы ақпараттық хат жібереді. Қатысушы электрондық пошта арқылы Биржаға шектеу шектелімін алып тастау туралы ресми хат жібереді. Шектеу шектелімін алып тастау туралы хаттың түпнұсқасы Биржаға сол күні беріледі.
17. Осы Ережелердің 16 тармағында көрсетілген хабарламаны және өкімді алғаннан кейін, Биржа дереу, бірақ Алматы уақытымен сағат 16:30-ға дейін Қатысушыны қамтамасыз ету шотынан ТКБЖ-де есеп айырысуды аяқтау үшін талап етілетін сома шегінде шектеу шектелімін алып тастайды.
18. Егер Қатысушыда кепілдік қамтамасыз ету МБҚ түрінде ұсынылған жағдайда, Қатысушы Алматы уақытымен сағат 16:30-ға дейінгі мерзімде Т+0 тәртібінде есеп айырысуды аяқтау үшін МБҚ сатады және 17:00-ге дейінгі мерзімде өзінің Қамтамасыз ету шотынан ақшаны ТКБЖ-гі ҚРҰБ позициясына аударады. Мәмілелерге клирингтік қызмет көрсету Клирингтік ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.
19. Егер Қатысушыда кепілдік қамтамасыз ету ұлттық валютада ақша түрінде ұсынылған жағдайда, Қатысушы Биржаға ТКБЖ-гі ҚРҰБ позициясына ақша аударуға өкім береді. Ақша аударуға өкім Есеп айырысу ережелеріне сәйкес Биржаға беріледі.
20. Қатысушының ТКБЖ-гі есептеулері ҚРҰБ қаражаты есебінен аяқталған жағдайда, ҚРҰБ Қатысушының кепілдік қамтамасыз етуін Қатысушының міндеттемелерінің сомасына ҚРҰБ меншігіне беру үшін Қатысушының міндеттемелерінің сомасы туралы электрондық пошта арқылы ақпараттық хат нысанында Биржаға хабарлайды.
21. Егер Қатысушыда кепілдік қамтамасыз ету МБҚ түрінде ұсынылған жағдайда, Қатысушы Биржаға осы Ережелерге 4 қосымшаның нысаны бойынша МБҚ аударуға өкім береді. Биржа

- МБҚ-ны Қамтамасыз ету шотынан Қатысушыдан өкімнің негізінде ҚРҰБ шотына аударуды жүзеге асырады.
22. Егер Қатысушыда кепілдік қамтамасыз ету ұлттық валютада ақшамен ұсынылған жағдайда, Қатысушы Биржаға ТКБЖ-гі ҚРҰБ позициясына ақша аударуға өкім береді. Ақша аударуға өкім Есеп айырысу ережелеріне сәйкес Биржаға беріледі.
23. МБҚ не ұлттық валютадағы ақшаны Қамтамасыз ету шотынан ҚРҰБ шотына аударған күннен кейінгі бірінші жұмыс күні Қатысушы Қамтамасыз ету шотына МБҚ және/немесе ұлттық валютадағы ақшаны осы Ережелердің 14 тармағында көрсетілген сомадан кем емес сомаға аударды.

## **6 тарау. КЖ/ТҚҚ НОРМАЛАРЫН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САНКЦИЯЛЫҚ ШЕКТЕУЛЕРДІ ҚОЛДАНУ**

24. Клирингілік қатысушы немесе Қатысушы, клирингілік қатысушы клиенті, олардың бенефициарлық меншік иелерінің немесе клирингілік қатысушыны немесе Қатысушыны тікелей немесе жанама иеленетін немесе бақылайтын ұйымның клирингілік қатысушы клиенті террористік әрекетке қатысы бар тұлғалардың тізіміне және/немесе терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне, және/немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда, Қамтамасыз ету шотындағы, Биржаның Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотындағы кепілдік қамтамасыз етуге (ақшаға және қаржы құралдарына) тыйым салынады. Қамтамасыз ету шоты, Орталық депозитарийдегі Биржаның корреспонденттік шоты бойынша кепілдік қамтамасыз етуді сату мен аударуды қоса алғанда, кез келген операциялар жүзеге асырылмайды.
25. Биржаның клирингілік қатысушының немесе Қатысушының, клирингілік қатысушының клиентінің ТКБЖ-гі есептеулерін аяқтау, Клирингілік ережелерде көзделген тәртіппен жүзеге асырылатын жою неттингінің нәтижелері бойынша қорытынды нетто-талапты немесе нетто-міндеттемені орындау үшін оларға қатысты тыйым салу процедуралары қолданылған кепілді қамтамасыз етуді (ақша мен қаржы құралдарын) пайдалануға құқығы жоқ.
26. Қатысушыға, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне халықаралық санкциялар (тыйым салулар және/немесе шектеулер) және/немесе Биржа үшін қандай да бір тәуекелдерге әкеп соғуы мүмкін өзге де шаралар қолданылған жағдайда, Биржа Қатысушымен Келісім-шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы.

## **7 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР**

27. Клирингілік бөлімше осы Ережелерге уақтылы өзгертулер мен толықтырулар енгізуге жауапты болады.
28. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда кемінде бір рет өзектендіруге жатады.
29. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер заңнамаға, Биржаның жарғысына, оның ІҚ-на, сондай-ақ белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде қабылданған Биржаның органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, сондай-ақ төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету бойынша ҚРҰБ-мен жасалған келісім-шарттар мен келісімдердің ережелеріне сәйкес шешіледі.

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелеріне

**1 қосымша**

**Төлем карталарының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету туралы**

**К Е Л І С І М - Ш А Р Т**

<p>Келісім-шарт қосылу келісім-шарты болып табылады және "Қазақстан қор биржасы" АҚ төлем карталарының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсетудің стандартты талаптарын анықтайды.</p>	<p>Договор является договором присоединения и определяет стандартные условия оказания АО "Казахстанская фондовая биржа" услуг приема, учета и контроля залогового обеспечения в системе обеспечения завершенности расчетов в межбанковской системе платежных карт.</p>
<p><b>1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР</b></p> <p>1.1. Биржа – "Қазақстан қор биржасы" АҚ; МБҚ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кепілдік қамтамасыз ету ретінде ТКБЖ-де есеп айырысуды аяқтау үшін қабылдайтын мемлекеттік бағалы қағаздар; Келісім-шартқа қосылу туралы өтініш – Ережелерге 2 қосымшаның нысаны бойынша Келісім-шартқа қосылу туралы Қатысушы толтырған және қол қойған Қатысушының жазбаша өтініші; ААБЖ – ақша аударудың банкаралық жүйесі; ТКБЖ – төлем карталарының банкаралық жүйесі; Ережелер – Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелері; Қатысушы – төлем карталары банкаралық жүйесінің қатысушысы болып табылатын клирингілік қатысушы не клиенті Биржамен Келісім-шарт</p>	<p><b>1. ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ</b></p> <p>1.1. Биржа – АО "Казахстанская фондовая биржа"; ГЦБ – государственные ценные бумаги, принимаемые Национальным Банком Республики Казахстан в качестве залогового обеспечения для завершения расчетов в МСПК; Заявление о присоединении к Договору – письменное заявление Участника о присоединении к Договору по форме приложения 2 к Правилам, заполненное и подписанное Участником МСПК; МСПД – межбанковская система перевода денег; МСПК – межбанковская система платежных карт; Правила – Правила оказания услуг приема, учета и контроля залогового обеспечения в системе обеспечения завершенности расчетов в межбанковской системе платежных карточек; Участник – клиринговый участник, являющийся участником</p>

<p>жасасқан банкаралық төлем карталары жүйесінің қатысушысы болып табылатын клирингілік қатысушы;</p> <p>Клирингілік ережелер – Биржаның "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаты;</p> <p>Тараптар – Биржа және Қатысушы.</p> <p>Келісім-шартта қамтылған ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның ішкі құжаттарында: Биржаның <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған Ережелерде, Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушылар туралы ережелерде белгіленген мағыналарда пайдаланылады.</p>	<p>межбанковской системы платежных карт либо клиринговый участник, клиентом которого является участник межбанковской системы платежных карт, заключивший с Биржей Договор;</p> <p>Правила клиринга – внутренний документ Биржи "Правила осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами";</p> <p>Стороны – Биржа и Участник.</p> <p>Понятия и термины, содержащиеся в Договоре, используются в значениях, установленных законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Биржи: Правилами, Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках, размещенными на интернет-ресурсе Биржи <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>.</p>
<p style="text-align: center;"><b>2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР</b></p> <p>2.1. Келісім-шарт Тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 бабының қағидаларына сәйкес жасасатын қосылу келісім-шарты болып табылады, оның талаптарын Қатысушы тұтастай Келісім-шартқа қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін.</p> <p>2.2. Келісім-шарт Биржаның <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> интернет-ресурсында жарияланды.</p> <p>2.3. Келісім-шартқа сәйкес Қатысушы тапсырады, ал Биржа Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клирингілік ережелерде және Биржаның клирингілік қызметіне қатысты өзге де ішкі құжаттарында, төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Республикалық Ұлттық Банкі орталық аппаратының, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының, "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының бөлімшелерінің өзара іс-қимыл регламентінде белгіленген тәртіппен және келісім-шарттарда ТКБЖ есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету үшін кепілдік қамтамасыз етуді қабылдауға, есепке</p>	<p style="text-align: center;"><b>2. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ</b></p> <p>2.1. Договор является договором присоединения, заключаемым Сторонами в соответствии с положениями статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан, условия которого могут быть приняты Участником не иначе, как путем присоединения к Договору в целом.</p> <p>2.2. Договор опубликован на интернет-ресурсе Биржи <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>.</p> <p>2.3. В соответствии с Договором Участник поручает, а Биржа обязуется принимать, учитывать и контролировать залоговое обеспечение для обеспечения завершения расчетов в МСПК в порядке и на условиях, установленных законодательством Республики Казахстан, Правилами клиринга и иными внутренними документами Биржи, относящимися к клиринговой деятельности Биржи, Регламентом взаимодействия подразделений центрального аппарата Национального Банка Республики Казахстан, Республиканского государственного предприятия "Казахстанский центр межбанковских расчетов Национального Банка Республики Казахстан", акционерного общества "Казахстанская фондовая биржа" в рамках функционирования системы обеспечения завершения расчетов</p>

<p>алуға және бақылауға міндеттенеді.</p> <p>2.4. Келісім-шарттың талаптары Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушылар туралы қағидада және Биржаның клирингілік қызметіне қатысты Биржаның өзге де ішкі құжаттарында анықталған.</p> <p>Биржамен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен мәміле, мұндай мәмілелердің үлгі шарттарын Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, Биржаның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін.</p>	<p>в межбанковской системе платежных карточек.</p> <p>2.4. Условия Договора определены Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках и иными внутренними документами Биржи, относящимися к клиринговой деятельности Биржи.</p> <p>Сделка с лицом, связанным с Биржей особыми отношениями, может быть осуществлена только по решению Совета директоров Биржи, за исключением случаев, когда типовые условия таких сделок утверждены Советом директоров Биржи.</p>
<p><b>3. КЕЛІСІМ-ШАРТҚА ҚОСЫЛУ ТАЛАПТАРЫ</b></p> <p>3.1. Қатысушы Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою жолымен Келісім-шартқа қосылады, бұл ретте Қатысушы Биржа осындай өтінішті қабылдағаннан кейін Келісім-шартқа қосылған болып есептеледі.</p> <p>3.2. Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Қатысушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Келісім-шартты алғанын, оқығанын, түсінгенін және стандартты талаптарының қағидаларымен толық көлемде, қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықсыз келіскенін және Келісім-шарттың барлық қағидаларын уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттенетінін;</li> <li>– Келісім-шарт ережелерін орындамаудың және/немесе тиісінше орындамаудың барлық ықтимал қолайсыз салдарын өзіне қабылдайтынын;</li> <li>– Қатысушы Келісім-шартта көзделген қызметтерді Биржаның жүзеге асыруының барлық талаптарымен және тәртібімен келісетінін;</li> <li>– Келісім-шарттың барлық қағидалары Қатысушының мүдделері мен ерік білдіруіне толық көлемде сәйкес келетінін;</li> <li>– Егер Биржада Қатысушы Келісім-шартқа қосылу туралы қол қойған өтініштің данасы болса, Қатысушы Келісім-шартты</li> </ul>	<p><b>3. УСЛОВИЯ ПРИСОЕДИНЕНИЯ К ДОГОВОРУ</b></p> <p>3.1. Участник присоединяется к Договору путем подписания Заявления о присоединении к Договору, при этом Участник считается присоединившимся к Договору после принятия Биржей такого заявления.</p> <p>3.2. Подписывая Заявление о присоединении к Договору, Участник подтверждает и соглашается с тем, что:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– получил, прочитал, понял и согласился с положениями стандартных условий Договора в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений, и обязуется своевременно и в полном объеме выполнять все положения Договора;</li> <li>– принимает на себя все возможные неблагоприятные последствия неисполнения и/или ненадлежащего исполнения положений Договора;</li> <li>– Участник соглашается со всеми условиями и порядком осуществления Биржей услуг, предусмотренных Договором;</li> <li>– все положения Договора в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Участника;</li> <li>– Участник не вправе ссылаться на отсутствие его подписи в Договоре, как доказательство того, что Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Биржи имеется экземпляр</li> </ul>



<p>оқымағандығының/түсінбегендігінің /қабылдамауының дәлелі ретінде Келісім-шартта оның қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес екенін растайды және келіседі.</p>	<p>подписанного Участником Заявления о присоединении к Договору.</p>
<p><b>4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ</b></p> <p>4.1. Биржа:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ТҚБЖ-де есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету үшін Қатысушы беретін кепілдік қамтамасыз етуді қабылдауға, есепке алуға және бақылауға;</li> <li>2) Клирингілік ережелерде және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында белгіленген шарттарда және тәртіппен ТҚБЖ-де есептерді аяқтау үшін кепілдік қамтамасыз етуді өткізу кезінде Қатысушы және/немесе ол уәкілеттік берген Сауда-саттыққа Қатысушы жасайтын мәмілелерге қатысты клирингілік қызмет көрсетуді (орталық контрагент функцияларын жүзеге асыра отырып) жүзеге асыруға;</li> <li>3) Ережелерде көзделген мерзімде және тәртіппен Келісім-шартқа енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар (оның ішінде Ережелерді жаңа редакцияда бекіту жолымен) туралы Қатысушыны хабардар етуге;</li> <li>4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндеттенед.</li> </ol> <p>4.2. Қатысушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Төлем карточкаларының банкаралық жүйесіндегі есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелерінің, Клирингілік ережелердің, Клирингілік қатысушылар туралы қағиданың және Биржаның клирингілік қызметіне жататын Биржаның өзге де ішкі құжаттарының талаптарын</li> </ol>	<p><b>4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН</b></p> <p>4.1. Биржа обязуется:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) принимать, учитывать и контролировать залоговое обеспечение, передаваемое Участником для обеспечения завершения расчетов в МСПК;</li> <li>2) осуществлять клиринговое обслуживание (с осуществлением функций центрального контрагента) в отношении сделок, заключаемых Участником и/или уполномоченным им Участником торгов при реализации залогового обеспечения для завершения расчетов в МСПК, на условиях и в порядке, установленном Правилами клиринга и требованиями законодательства Республики Казахстан;</li> <li>3) уведомлять Участника о внесенных в Договор изменениях и/или дополнениях (в том числе путем утверждения Правил в новой редакции) в срок и в порядке, предусмотренные Правилами;</li> <li>4) выполнять иные обязательства, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Биржи.</li> </ol> <p>1.1. 4.2. Участник обязуется:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) соблюдать требования Правил оказания услуг приема, учета и контроля залогового обеспечения в системе обеспечения завершения расчетов в межбанковской системе платежных карточек, Правил клиринга, Положения о клиринговых участниках и иных внутренних документов Биржи, относящихся к клиринговой деятельности Биржи;</li> <li>2) уведомить Биржу об открытии счета обеспечения в АО</li> </ol>

<p>сақтауға;</p> <p>2) Ережелерге 3 қосымшаның нысаны бойынша "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да қамтамасыз ету шотының ашылғаны туралы осындай шот ашылған күні осы күннің Алматы уақыты бойынша сағат 17:00-ден кешіктірмей Биржаға хабарлауға;</p> <p>3) "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-дағы Биржаның корреспонденттік шотына қамтамасыз ету сомасының мөлшерінен кем емес сомада МБҚ-ны қамтамасыз ету шотына және/немесе ұлттық валютадағы ақшаны есепке алуға;</p> <p>4) күн сайын қамтамасыз ету шотында қамтамасыз ету сомасына МБҚ және/немесе ұлттық валютада ақшаның болуын қамтамасыз етуге;</p> <p>5) ААБЖ бойынша есеп айырысуларды аяқтау үшін ТКБЖ-гі позицияларда ақша жеткіліксіз болған кезде шектеу лимиттерін алып тастауға арналған өкімді Биржаға жіберуге және қамтамасыз ету шотынан Т+0 тәртібінде ААБЖ-гі позициядағы ақша жетіспеушілігі туындаған күннің Алматы уақыты бойынша сағат 17:00-ге дейінгі мерзімде МБҚ сатуға;</p> <p>6) Келісім-шарттың 4.2 тармағының 5) тармақшасына сәйкес МБҚ сатылғаннан кейін дереу Биржаға ақшаны ААБЖ-гі позицияға аударуға өкім беруге;</p> <p>7) Биржаның пайдасына клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоса алғанда, Биржаға қатысты клирингілік қызмет көрсетуді (орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыра отырып) жүзеге асыратын Сауда-саттыққа қатысушының және/немесе ол уәкілеттік берген Қатысушының мәмілелерді жасасуы нәтижесінде туындайтын барлық міндеттемелерді тиісінше орындауға;</p> <p>8) кепілдік жарнаны (кепілдік</p>	<p>"Центральный депозитарий ценных бумаг" по форме приложения 3 к Правилам в день открытия такого счета не позднее 17:00 часов алматинского времени этого дня;</p> <p>3) зачислить на счет обеспечения ГЦБ и/или зачислить деньги в национальной валюте на корреспондентский счет Биржи в АО "Центральный депозитарий ценных бумаг" в сумме не менее размера суммы обеспечения;</p> <p>4) ежедневно обеспечивать наличие на счете обеспечения ГЦБ и/или денег в национальной валюте на сумму обеспечения;</p> <p>5) при недостаточности денег на позиции в МСПД для завершения расчетов по МСПК направить распоряжение на Биржу на снятие ограничительных лимитов и продать ГЦБ со счета обеспечения в режиме Т+0 в срок до 17:00 часов алматинского времени дня, когда возникла недостаточность денег на позиции в МСПД;</p> <p>6) после продажи ГЦБ согласно подпункту 5) пункта 4.2 Договора незамедлительно дать распоряжение Бирже перевести деньги на позицию в МСПД;</p> <p>7) надлежащим образом выполнять все обязательства, возникающие в результате заключения Участником и/или уполномоченным им Участником торгов сделок, в отношении которых Биржа осуществляет клиринговое обслуживание (с осуществлением функций центрального контрагента), включая обязательства по уплате клиринговых сборов в пользу Биржи;</p> <p>8) своевременно выполнять обязательства по внесению (довнесению) гарантийного взноса (гарантийных взносов), обеспечения, уплачивать клиринговые сборы, в случае невыполнения своих обязательств, предусмотренных внутренними документами Биржи, уплачивать неустойки (штрафы)</p>
---	---

<p>жарналарды), қамтамасыз етуді енгізу (қосымша енгізу) жөніндегі міндеттемелерді уақтылы орындауға, клирингілік алымдарды төлеуге, Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда оларды Биржа есептеген кезде тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды) төлеуге, сондай-ақ басқа да төлемдерді жүзеге асыруға және (немесе) Биржаның шығыстарын Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушылар туралы қағидада және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында көзделген мөлшерде және тәртіппен өтеуге;</p> <p>9) Биржа Клирингілік ережелердің талаптарына сәйкес дефолттарды реттеу жөніндегі процедуралар шеңберінде Қатысушы атынан Биржа жасаған орталық контрагенттің функцияларын (жаңарту нәтижесінде туындаған міндеттемелерді қоса алғанда) жүзеге асыратын барлық мәмілелер бойынша міндеттемелер қабылдауға және орындауға;</p> <p>10) өз қызметінің барысында кепілдік беруге және Биржа өз клиенттерімен және өзге де үшінші тұлғалармен сот талқылауына тарту мүмкіндігін туғызатын жағдайларға жол бермеуге, Қатысушының клиенті Қатысушы көрсететін қызметтердің мәнінен туындайтын өз клиенттерінің барлық талаптарын дербес реттеуге, Қатысушының клиенті Биржаға шағымдар және (немесе) талаптар қойған жағдайда, өз клиентінің Биржаға қойылатын талаптарын реттеу жөнінде Биржаға жәрдем көрсетуге, Қатысушының клиентімен талаптың мәні бойынша ақпарат, жағдайды реттеу жөніндегі ұсыныстар беруге, Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органы не сот көрсетілген талапты қараған кезде өз өкілдерінің қатысуын қамтамасыз етуге;</p> <p>11) Биржаның алдында ақпаратты ашу шеңберінде Клирингілік</p>	<p>при их начислении Биржей, а также осуществлять другие платежи и/или возмещать расходы Биржи в размере и порядке, предусмотренные Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках и иными внутренними документами Биржи;</p> <p>9) принимать и исполнять обязательства по всем сделкам, по которым Биржа осуществляет функции центрального контрагента (включая обязательства, возникшие в результате новации), заключенным Биржей от имени Участника в рамках процедур по урегулированию дефолтов в соответствии с требованиями Правил клиринга и/или передаче залогового обеспечения Участника на сумму обязательств Участника Национальному Банку Республики Казахстан;</p> <p>10) гарантировать и не допускать в процессе своей деятельности ситуаций, создающих возможность вовлечения Биржи в судебные разбирательства со своими клиентами и иными третьими лицами, самостоятельно урегулировать все претензии своих клиентов, вытекающих из существа оказываемых Участником услуг, в случае предъявления клиентом Участника претензий и/или требований к Бирже оказывать содействие Бирже по урегулированию требований своего клиента к Бирже, предоставлять информацию по существу претензии, предложения по урегулированию ситуации с клиентом Участника, обеспечить участие своих представителей при рассмотрении указанной претензии соответствующим уполномоченным органом Республики Казахстан либо судом;</p> <p>11) предоставлять в рамках раскрытия информации перед Биржей достоверную информацию и документы в объеме, порядке и сроки, предусмотренные Положением о клиринговых</p>
--	--

<p>қатысушылар туралы қағидада, Клирингілік ережелерде (олар болған кезде) және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында көзделген көлемде, тәртіппен және мерзімде дәйекті ақпарат пен құжаттарды беруге;</p> <p>12) Биржаның сұрау салған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қатысушының және басқа да тұлғалардың санкциялық тізімдерде болуын тексеру үшін қажетті құрылтай және өзге де құжаттарының көшірмелерін ұсынуға;</p> <p>13) Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушылар туралы қағидада, Биржаның өзге де ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндеттенді.</p>	<p>участниках, Правилами клиринга (при их наличии) и иными внутренними документами Биржи;</p> <p>12) в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты запроса Биржи предоставить копии учредительных и иных документов Участника и других лиц, необходимых для их проверки на наличие в санкционных списках;</p> <p>13) выполнять иные обязательства, предусмотренные Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках, иными внутренними документами Биржи и законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>4.3. Биржа:</p> <p>1) жасалған мәмілелер туралы ақпаратты жинауға, өңдеуге және сақтауға;</p> <p>2) Клирингілік ережелерге, Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға, Келісім-шартқа (оның ішінде оларды жаңа редакцияда бекіту жолымен) және клирингілік қызмет жөніндегі Биржаның өзге де құжаттарына (Биржаның орталық контрагент функциясын жүзеге асыруымен) біржақты тәртіппен өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге;</p> <p>3) Клирингілік ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген клирингілік және сауда-клирингілік шоттар ашуға;</p> <p>4) Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қатысушының, оның ішінде Биржаның пайдасына клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін анықтауға; клиринг қорытындылары бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға, Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушылар туралы қағидада, Мүшелік жарналар, биржалық алымдар және</p>	<p>4.3. Биржа вправе:</p> <p>1) собирать, обрабатывать и хранить информацию о заключенных сделках;</p> <p>2) в одностороннем порядке вносить изменения и/или дополнения в Правила клиринга, Положение о клиринговых участниках, Договор (в том числе путем их утверждения в новой редакции) и иные документы Биржи по клиринговой деятельности (с осуществлением Биржей функции центрального контрагента);</p> <p>3) открывать клиринговые и торгово-клиринговые счета, предусмотренные Правилами клиринга и законодательством Республики Казахстан;</p> <p>4) определять обязательства Участника, в том числе по уплате клиринговых сборов в пользу Биржи, в порядке, установленном внутренними документами Биржи; осуществлять расчеты по итогам клиринга, списывать клиринговые сборы со счетов обеспечения Участника в порядке, предусмотренном Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках, Положением о членских взносах;</p>

<p>тұрақсыздық айыбы туралы қағидада көзделген тәртіппен Қатысушыны қамтамасыз ету шоттарынан клирингілік алымдарды есептен шығаруға;</p> <p>5) Келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін тиісінше орындау мақсатында өзге де ұйымдармен және мекемелермен өзара іс-қимыл жасауға;</p> <p>6) Қатысушыдан Келісім-шарттың талаптарын орындауды талап етуге;</p> <p>7) Қатысушы өз клиентінің мүддесі үшін жасаған мәміле бойынша дефолтты орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып реттеу үшін Қатысушының меншікті активтерін ("Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ және (немесе) Қатысушыға қызмет көрсететін есеп айырысу ұйымының шоттарындағы) Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушы туралы қағидада, Мүшелік туралы қағидада белгіленген шарттарда және тәртіппен пайдалануға;</p> <p>8) Қатысушы Ережелерде, Клирингілік ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді орындамаған кезде клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру және (немесе) клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру жолымен Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға;</p> <p>9) Клиринг қағидаларының талаптарына сәйкес дефолттарды реттеу және/немесе Қатысушының кепілдік қамтамасыз етуін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру жөніндегі процедуралар шеңберінде Қатысушының атынан Биржаның жасаған барлық мәмілелері (жаңарту нәтижесінде туындаған міндеттемелерді қоса алғанда) бойынша Қатысушыда өз іс-әрекеттерімен міндеттемелер туғызуға;</p> <p>10) Қатысушының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі</p>	<p>биржевых и клиринговых сборах;</p> <p>5) взаимодействовать с иными организациями и учреждениями в целях надлежащего выполнения своих обязательств, предусмотренных Договором;</p> <p>6) требовать от Участника выполнения условий Договора;</p> <p>7) использовать собственные активы Участника (находящиеся на счетах АО "Центральный депозитарий ценных бумаг" и (или) обслуживающей Участника расчетной организации) на условиях и в порядке, установленных Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках, Положением о членстве, для урегулирования дефолта по сделке, заключенной Участником, с использованием услуг центрального контрагента;</p> <p>8) отказаться от исполнения Договора в одностороннем порядке при невыполнении Участником обязательств, предусмотренных Правилами, Правилами клиринга и законодательством Республики Казахстан, путем приостановления клирингового обслуживания и/или лишения статуса клирингового участника;</p> <p>9) своими действиями порождать обязательства у Участника по всем сделкам (включая обязательства, возникшие в результате новации), заключенным Биржей от имени Участника в рамках процедур по урегулированию дефолтов в соответствии с требованиями Правил клиринга и/или передаче залогового обеспечения Участника на сумму обязательств Участника Национальному Банку Республики Казахстан;</p> <p>10) при получении уведомления от Национального Банка Республики Казахстан о сумме обязательств Участника перед Национальным Банком Республики Казахстан на основании распоряжения Участника перевести деньги и/или</p>
--	--

<p>алдындағы міндеттемелерінің сомасы туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен хабарлама алған кезде Қатысушының өкімі негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына ақша және/немесе МБҚ аударуға;</p> <p>11) Қызметтер көрсету процедуралары және/немесе шарттары өзгерген жағдайда қызметтер көрсеткені үшін тарифтердің мөлшерін біржақты тәртіппен өзгертуге;</p> <p>12) Қатысушыға, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне халықаралық санкциялар (тыйым салулар және/немесе шектеулер), сондай-ақ Қатысушыға Биржамен мәмілелер жасасуға/орындауға шектейтін немесе тыйым салатын өзге де шаралар қолданылған жағдайда, Келісім-шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға;</p> <p>13) Келісім-шартта, Ережелерде, Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушылар туралы қағидада және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.</p>	<p>ГЦБ на счета Национального Банка Республики Казахстан;</p> <p>11) изменять в одностороннем порядке размеры тарифов за оказание услуг в случае изменения процедур и/или условий предоставления Услуг;</p> <p>12) в одностороннем внесудебном порядке расторгнуть Договор в случае применения к Участнику, его участникам/акционерам и бенефициарным собственникам международных санкций (запретов и/или ограничений), а также иных мер, ограничивающих или запрещающих Участнику, заключать/исполнять сделки с Биржей или которые могут повлечь какие-либо риски для Биржи;</p> <p>13) осуществлять иные права, предусмотренные Договором, Правилами, Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках и законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>4.4. Қатысушы:</p> <p>1) Биржаға Клирингілік ережелерге сәйкес есептер беру туралы сұрау салулар жіберуге;</p> <p>2) Биржада жасалған мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелер болмаған және Клирингілік ережелерде көзделген талаптар сақталған жағдайда осы Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға;</p> <p>3) осы Келісім-шартта, Клирингілік ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.</p>	<p>4.4. Участник вправе:</p> <p>1) направлять Бирже запросы о предоставлении отчетов в соответствии с Правилами клиринга;</p> <p>2) отказаться от исполнения настоящего Договора в одностороннем порядке при условии отсутствия невыполненных обязательств по заключенным на Бирже сделкам и соблюдения требований, предусмотренных Правилами клиринга;</p> <p>3) осуществлять иные права, предусмотренные настоящим Договором, Правилами клиринга, и законодательством Республики Казахстан.</p>
<p><b>5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ</b></p> <p>5.1. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді</p>	<p><b>5. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН</b></p> <p>5.1. За неисполнение и/или ненадлежащее</p>

<p>орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Клирингілік ережелерге және Биржаның клирингілік қызметіне жататын Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес мүлдікті жауаптылықта болады.</p> <p>5.2. Биржа орталық контрагенттің функцияларын орындайтын Қатысушы жасаған қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша ғана жауапты болады. Бұл ретте Биржаның жауапкершілігі Клирингілік ережелерге сәйкес шектеледі.</p> <p>5.3. Биржа өзі қабылдаған бақылау шеңберінен тыс, сондай-ақ Клирингілік қатысушылар туралы қағидада көзделген жағдайлар немесе оқиғалар нәтижесінде туындаған қандай да бір залалдар немесе шығындар үшін жауапты болмайды.</p> <p>5.4. Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындау салдары болып табылған Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін осындай мән-жайлардың қолданылу уақытына жауапкершіліктен босатылады. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу ұзақтығы 30 күнтізбелік күннен асатын болса, Тараптар Келісім-шартты бұзудың жоспарланған күніне дейін кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын бұл туралы екінші Тарапты хабардар ете отырып, Келісім-шартты бұзуға құқылы.</p> <p>5.5. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Қатысушыны Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.</p> <p>5.6. Қатысушының тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Ұлттық Банктен Келісім-шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны туралы тиісті хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.</p>	<p>исполнение обязательств по Договору Участник несет имущественную ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Правилами клиринга и иными внутренними документами Биржи, относящимися к клиринговой деятельности Биржи.</p> <p>5.2. Биржа несет ответственность только по тем сделкам с финансовыми инструментами, заключенным Участником, по которым исполняет функции центрального контрагента. При этом ответственность Биржи ограничивается в соответствии с Правилами клиринга.</p> <p>5.3. Биржа не несет ответственности за какие-либо убытки или потери, которые возникли вне принятых ею рамок контроля, а также в результате случаев или событий, предусмотренных Положением о клиринговых участниках.</p> <p>5.4. Стороны освобождаются от ответственности за частичное или полное неисполнение обязательств по Договору, которое явилось следствием возникновения обстоятельств непреодолимой силы, на время действия таковых обстоятельств. Если длительность действия обстоятельств непреодолимой силы составит более 30 календарных дней, Стороны вправе расторгнуть Договор, уведомив об этом другую Сторону не менее чем за 10 календарных дней до планируемой даты расторжения Договора.</p> <p>5.5. Оплата суммы неустойки (штрафа, пени) не освобождает Участника от исполнения своих обязательств по Договору.</p> <p>5.6. Срок уплаты Участником неустойки (штрафа, пени) составляет 5 (пять) рабочих дней с даты получения соответствующего уведомления о неисполнении обязательств по Договору от Национального Банка.</p>
<p><b>6. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ</b></p> <p>6.1. Қызмет көрсеткені үшін Биржа Биржа бекіткен тарифтерге сәйкес комиссия алады.</p> <p>6.2. Көрсетілген қызметтер үшін шот-</p>	<p><b>6. ПОРЯДОК РАСЧЕТОВ</b></p> <p>6.1. За оказание услуг Биржа взимает комиссию в соответствии с тарифами, утвержденными Биржей.</p> <p>6.2. Счета-фактуры за оказанные услуги</p>

<p>фактураларды Биржа ай сайын әр айдың 5-ші күнінен кешіктірмей ұсынады.</p> <p>6.3. Қатысушы ай сайын ұсынылған шот-фактураға сәйкес Биржаға көрсетілген Қызметтер үшін төлем төлеуді Қатысушы шот-фактураны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.</p>	<p>Биржа выставляет ежемесячно не позднее 5-го числа каждого месяца.</p> <p>6.3. Участник ежемесячно производит оплату Бирже за оказанные Услуги согласно предоставленной счет-фактуре в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня получения счета-фактуры Участником.</p>
<p><b>7. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ</b></p> <p>7.1. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Тараптың өз міндеттемелерін орындауы мүмкін болмауына әкеп соққан немесе орындауына кедергі келтіретін және көрсетілген дәулей зілзалаларға сілтеме жасайтын Тараптың бас кеңсесі орналасқан жерде болып жатқан табиғи апаттар, жер сілкіністері, су тасқындары, селдер, өрттер және өзге де дәулей зілзалалар;</li> <li>2) Тараптардың өз міндеттемелерін орындай алмауына әкеп соқтырған немесе орындауына кедергі келтіретін және осы тармақта көрсетілген уақиғаларға сілтеме жасайтын Тараптың бас кеңсесінің (бас банктің, штаб-пәтердің және т.б.) орналасқан жерінде болып жатқан соғыс, кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, блокада, террористік актілер, төңкерістер, халықтық толқулар, ереуілдер, локауттар;</li> <li>3) мемлекеттік органдар белгілеген эмбарго, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тыйым салулар мен шектеулер, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның жекелеген бөліктерінде төтенше жағдайды енгізу, уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың актілері, оның ішінде карантин жариялау, Қазақстан Республикасының, соның ішінде Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттердің заңнамасын Тараптың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы мүмкін болмауына әкеп соққан немесе орындауына кедергі келтіретін және осы тармақта көрсетілген</li> </ol>	<p><b>7. ОБСТОЯТЕЛЬСТВА НЕПРЕОДОЛИМОЙ СИЛЫ</b></p> <p>7.1. Под обстоятельствами непреодолимой силы понимаются:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) природные катастрофы, землетрясения, наводнения, сели, пожары и иные стихийные бедствия, повлекшие невозможность исполнения или препятствующие исполнению Стороной своих обязательств и происходящие в месте нахождения головного офиса Стороны, ссылающейся на указанные стихийные бедствия;</li> <li>2) война, военные действия любого характера, блокада, террористические акты, революции, народные волнения, забастовки, локауты, повлекшие невозможность исполнения или препятствующие исполнению Стороной своих обязательств и происходящие в местонахождении головного офиса (главного банка, штаб-квартиры и т. д.) Стороны, ссылающейся на указанные в настоящем пункте события;</li> <li>3) эмбарго, установленные государственными органами, запреты и ограничения, установленные нормативными правовыми актами Республики Казахстан, в том числе введение чрезвычайного положения на территории Республики Казахстан или отдельных ее частях, актов уполномоченных государственных органов и местных исполнительных органов, в том числе объявления карантина, правомерные блокировки или изменение законодательства Республики Казахстан, в том числе других, помимо Республики Казахстан, государств, повлекшие</li> </ol>



<p>уақиғаларға сілтеме жасайтын Тараптың бас офисі орналасқан жерде болатын заңды түрде бұғаттау немесе өзгерту;</p> <p>4) Биржаның немесе ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығының, валюта нарығының, деривативтер нарығының және қызметі Биржаның Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына елеулі ықпал етуі мүмкін биржалық нарықтардың өзге де секцияларының бағдарламалық-техникалық құралдарының ақаулығы;</p> <p>5) қызмет көрсететін банктердің жұмыс істеуін уақытша тоқтата тұру немесе толық тоқтату, сондай-ақ туындауы Тараптың Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындау мүмкін болмауына әкеп соғатын немесе орындауына кедергі келтіретін және осы тармақта көрсетілген уақиғаларға сілтеме жасайтын Тараптың бас кеңсесінің орналасқан жерінде болатын өзге де мән-жайлар түсініледі.</p> <p>7.2. Бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етілген немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінен, уәкілетті органдар мен жергілікті атқарушы органдардың актілерінен туындаған мән-жайларды қоспағанда, Келісім-шарттың 7.1 тармағының 1)–3) тармақшаларында көрсетілген еңсерілмейтін күш жағдайларының басталу фактісін және олардың қолданылу ұзақтығын растайтын құжат Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасының немесе тиісті мемлекеттің өзге де құзыретті органының (ұйымының) куәлігі болып табылады.</p> <p>7.4. Келісім-шарттың 7.1 тармағының 4) тармақшасында көрсетілген еңсерілмейтін күш мән-жайының басталу фактісін және оның қолданылу ұзақтығын растайтын құжат Биржаның бірінші басшысы қол қойған анықтама немесе Биржаның тиісті қорытындысы болып табылады.</p> <p>Анықтаманы Биржа Келісім-шарттың 7.1 тармағының 4) тармақшасында</p>	<p>невозможность исполнения или препятствующие исполнению Стороной своих обязательств по Договору и происходящие в месте нахождения головного офиса Стороны, ссылающейся на указанные в настоящем пункте события;</p> <p>4) неисправность программно-технических средств Биржи или иных субъектов инфраструктуры организованного рынка ценных бумаг, валютного рынка, рынка деривативов и иных секций биржевых рынков, чья деятельность может существенно влиять на выполнение Биржей своих обязательств по Договору;</p> <p>5) временное приостановление или полное прекращение функционирования обслуживающих банков, а также иные обстоятельства, возникновение которых влечет невозможность исполнения или препятствует исполнению обязательств Стороной по Договору и происходящие в местонахождении головного офиса Стороны, ссылающейся на указанные в настоящем пункте события.</p> <p>7.2. Документом, подтверждающим факт наступления обстоятельства непреодолимой силы из тех, которые указаны в подпунктах 1)–3) пункта 7.1 Договора, и длительность их действия, является документ компетентного органа (организации) соответствующего государства, за исключением обстоятельств, широко освещенных в средствах массовой информации, или возникших из нормативных правовых актов Республики Казахстан, актов уполномоченных органов и местных исполнительных органов.</p> <p>7.4. Документом, подтверждающим факт наступления обстоятельства непреодолимой силы, которое указано в подпункте 4) пункта 7.1 Договора, и длительность его действия, является справка, подписанная первым руководителем Биржи, или соответствующее заключение Биржи.</p>
---	--

<p>көрсетілген мән-жайлар туындаған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынуы тиіс.</p> <p>7.5. Қатысушы Биржаға еңсерілмейтін күш мән-жайының басталғаны, оның қолданылу мерзімінің болжамды мерзімі және оның тоқтатылғаны туралы дереу хабарлауға міндетті.</p> <p>7.6. Егер бұл екінші Тараптың Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауынан немесе Келісім-шарт бойынша Тараптардың қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, Тарап Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.</p> <p>7.7. Тараптың Клирингілік ережелерде және Клирингілік қатысушылар туралы қағидада көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеуі осы Тарапты Келісім-шарт бойынша өзіне қабылданған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.</p>	<p>Справка должна быть представлена Биржей в течение 7 (семи) рабочих дней с момента возникновения обстоятельства, указанного в подпункте 4) пункта 7.1 Договора.</p> <p>7.5. Участник обязан незамедлительно известить Биржу о наступлении обстоятельства непреодолимой силы, предполагаемом сроке его действия и его прекращении.</p> <p>7.6. Сторона не несет ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение своих обязательств по Договору, если это было вызвано неисполнением другой Стороной своих обязательств по Договору или предусмотренных законодательством Республики Казахстан, регулирующими отношения Сторон по Договору.</p> <p>7.7. Уплата Стороной неустойки (штрафа), предусмотренной Правилами клиринга и Положением о клиринговых участниках, не освобождает данную Сторону от исполнения принятых на себя обязательств по Договору.</p>
<p align="center"><b>8. ҚҰПИЯ АҚПАРАТ</b></p> <p>8.1. Биржаға Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішті ұсына отырып, Қатысушы коммерциялық құпияны және Қатысушының өзге де қорғалатын ақпаратын құра алатын Қатысушы ұсынатын ақпаратты (бұдан әрі – Құпия ақпарат) Қазақстан Республикасы заңнамасының және оның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Биржаның ашуына өзінің қайтарып алынбайтын және шартсыз келісімін береді.</p> <p>8.2. Қатысушы жоғарыда көрсетілген келісімге байланысты Келісім-шартқа қосылу сәтінде де, болашақта да оның Биржаға, оның ішінде зияткерлік меншік құқықтарының, сондай-ақ мүліктік талаптардың бұзылуы туралы талаптары жоқ екенін және болмайтынын растайды және кепілдік береді, сондай-ақ Биржа Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Құпия ақпаратты ашу үшін оның алдында жауапты болмайтынына келіседі.</p> <p>Қатысушының құпия ақпараты Қатысушының жұмыскерлерін қоса</p>	<p align="center"><b>8. КОНФИДЕНЦИАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ</b></p> <p>8.1. Предоставляя Бирже Заявление о присоединении к Договору, Участник тем самым дает ей свое безотзывное и безусловное согласие на раскрытие Биржей в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и ее внутренних документов информации, предоставляемой Участником, которая может составлять коммерческую тайну и иную охраняемую законом тайну (далее – Конфиденциальная информация).</p> <p>8.2. Участник подтверждает и гарантирует, что в связи с указанным выше согласием он не имеет и не будет иметь к Бирже претензий, в том числе о нарушении прав на интеллектуальную собственность, а также имущественных претензий как на момент присоединения к Договору, так и в будущем, а также соглашается с тем, что Биржа не несет перед ним ответственности за раскрытие Конфиденциальной информации в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и внутренних документов Биржи.</p>

<p>алғанда, үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын ешқандай түрде бұзбайды және/немесе қысым жасамайды.</p>	<p>Конфиденциальная информация Участника никоим образом не нарушает и/или не ущемляет прав на интеллектуальную собственность третьих лиц, включая работников Участника.</p>
<p style="text-align: center;"><b>9. ХАБАРЛАМАЛАР</b></p> <p>9.1. Келісім-шартта көзделген барлық хабарламалар мен өзге де хабарлар жазбаша түрде жасалуға және басқа Тараптың орналасқан жерінің мекенжайы бойынша немесе мекенжайы Келісім-шартқа қосылу туралы өтініште көрсетілген Биржаның электрондық поштасының <a href="mailto:clearing@kase.kz">clearing@kase.kz</a> мекен-жайы бойынша және Қатысушының электрондық поштасы арқылы жеткізіліп, кейіннен осы хабарламаның немесе хабардың түпнұсқасын оны электрондық пошта арқылы жіберген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде екінші Тараптың орналасқан жерінің мекен-жайына жеткізіліп берілуі тиіс.</p> <p>9.2. Екінші Тараптың орналасқан жерінің мекен-жайы бойынша немесе электрондық пошта арқылы жазбаша түрде жеткізілген кез келген хабарлама немесе өзге де хабар адресатқа жеткізілген күннен бастап бірінші жұмыс күні барлық жағдайларда тиісті түрде берілген, жіберілген, алынған немесе жеткізілген болып есептеледі.</p> <p>Хабарламаны немесе өзге де хабарды жазбаша түрде жеткізу осындай жеткізу туралы түбіртекпен және жөнелтушінің қолымен, ал электрондық пошта арқылы жеткізу – жөнелту туралы растаумен расталуға тиіс.</p>	<p style="text-align: center;"><b>9. УВЕДОМЛЕНИЯ</b></p> <p>9.1. Все уведомления и иные сообщения, предусмотренные Договором, должны быть составлены в письменном виде и доставлены по адресу местонахождения другой Стороны или по адресу электронной почты Биржи <a href="mailto:clearing@kase.kz">clearing@kase.kz</a> и по электронной почте Участника, адрес которого указан в Заявлении о присоединении к Договору, с последующей доставкой оригинала этого уведомления или сообщения по адресу местонахождения другой Стороны в течение трех рабочих дней со дня его направления по электронной почте.</p> <p>9.2. Любое уведомление или иное сообщение, доставленное в письменном виде по адресу местонахождения другой Стороны или по электронной почте, считается должным образом переданным, отправленным, полученным или доставленным во всех случаях в первый рабочий день со дня его доставки адресату.</p> <p>Доставка уведомления или иного сообщения в письменном виде должна быть подтверждена квитанцией о такой доставке и подписью посыльного, а доставка по электронной почте – подтверждением об отправке.</p>
<p style="text-align: center;"><b>10. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР</b></p> <p>10.1. Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және/немесе олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтар мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсаттарда осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде ақша немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.</p>	<p style="text-align: center;"><b>10. АНТИКОРРУПЦИОННЫЕ УСЛОВИЯ И ПЕРСОНАЛЬНЫЕ ДАННЫЕ</b></p> <p>10.1. При исполнении своих обязательств по Договору Стороны и/или их работники не выплачивают, не предлагают выплатить и не разрешают выплату денег или иных ценностей, прямо или косвенно, любым лицам, для оказания влияния на действия или решения этих лиц с целью получить какие-либо неправомерные преимущества или иные неправомерные цели.</p> <p>10.2. При исполнении своих обязательств по Договору Стороны и/или их работники не осуществляют действия,</p>

<p>10.2. Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және/немесе олардың жұмыскерлері Келісім-шарттың мақсаттары үшін қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.</p> <p>10.3. Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір түрде, оның ішінде ақша, сыйлықтар беру, олардың атына жұмысты (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және осы тармақта аталмаған, жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.</p> <p>10.4. Тарапта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабардар етуден кейін тиісті Тарап бұзушылық болмағанын немесе болмайтынын растауды алғанға дейін Келісім-шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Бұл растау жазбаша ескерту хаты жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс.</p> <p>Келісім-шартқа қол қою арқылы Тараптардың әрқайсысы Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес екінші Тараптың екінші Тарапқа беретін олардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге жеке тұлғалардың (өз жұмыскерлерінің/уәкілетті тұлғаларының) тиісті түрде ресімделген қажетті келісімдеріне ие болуына кепілдік береді. Бұл ретте әрбір Тарап өздеріне не Тараптың өзінен келіп түсетін екінші Тараптың жұмыскерлерінің/уәкілетті адамдарының дербес деректерінің</p>	<p>квалифицируемые применимым для целей Договора законодательством Республики Казахстан, как дача/получение взятки, коммерческий подкуп, а также действия, нарушающие требования законодательства Республики Казахстан о противодействии коррупции.</p> <p>10.3. Каждая из Сторон отказывается от стимулирования каким-либо образом работников другой Стороны, в том числе путем предоставления денег, подарков, безвозмездного выполнения в их адрес работ (услуг) и другими, не поименованными в настоящем пункте способами, ставящего работника в определенную зависимость, и направленного на обеспечение выполнения этим работником каких-либо действий в пользу стимулирующей его Стороны.</p> <p>10.4. В случае возникновения у Стороны подозрений, что произошло или может произойти нарушение каких-либо антикоррупционных условий, соответствующая Сторона в течение 5 рабочих дней обязуется уведомить другую Сторону в письменной форме. После письменного уведомления соответствующая Сторона имеет право приостановить исполнение обязательств по Договору до получения подтверждения, что нарушения не произошло или не произойдет. Это подтверждение должно быть направлено в течение 5 рабочих дней с даты направления письменного уведомления.</p> <p>Подписанием Договора каждая из Сторон гарантирует, что обладает необходимыми надлежаще оформленными согласиями физических лиц (своих работников/уполномоченных лиц) на сбор и обработку другой Стороной их персональных данных, передаваемых другой Стороне, согласно положениям законодательства Республики Казахстан. При этом каждая Сторона обязуется обеспечить конфиденциальность и безопасность персональных данных работников/уполномоченных лиц другой Стороны, поступающих к ней от них либо от самой Стороны, и безопасность при их обработке для</p>
---	--

<p>құпиялылығы мен қауіпсіздігін және оларды өңдеу кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасының талаптарына сәйкес Келісім-шарттың мақсаттары үшін және оны орындауға байланысты қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндеттенеді. Сондай-ақ Тараптың олардан немесе көрсетілген Тараптан алынған екінші Тараптың жұмыскерлерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты емес мақсатта пайдалануға және қандай да бір жолмен Келісім-шарт бойынша алынған жұмыскерлердің/екінші Тараптың уәкілетті адамдарының дербес деректерін Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты емес мақсат үшін кез келген үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ, осы дербес деректерді оларды өңдеу мақсаттары талап ететін мерзімнен асырмай уақыт сақтауға міндеттенеді, және оларды өңдеу мақсаттарына жеткеннен кейін немесе оларға қол жеткізу қажеттілігі жоғалған жағдайда жоюға, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Келісім-шартты орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді.</p>	<p>целей и в связи с исполнением Договора в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан по вопросам защиты персональных данных. Также Сторона не имеет права использовать персональные данные работников/уполномоченных лиц другой Стороны, полученные от них или от указанной Стороны, в целях, не связанных с исполнением своих обязательств по Договору, и каким-либо образом передавать полученные по Договору персональные данные работников/уполномоченных лиц другой Стороны любым третьим лицам в целях, не связанных с исполнением своих обязательств по Договору, обязуется хранить эти персональные данные не дольше, чем этого требуют цели их обработки, и уничтожать их по достижении целей обработки или в случае утраты необходимости в их достижении, с учетом требований законодательства Республики Казахстан, выполнять иные требования законодательства Республики Казахстан о защите персональных данных в рамках исполнения Договора.</p>
<p><b>11. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ</b></p> <p>11.1. Биржаның Биржаның сауда-саттық жүйесінде Қатысушы жасаған қаржы құралдарымен мәмілелерге қатысты клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыруына байланысты, сондай-ақ Қатысушылардың міндеттемелерін анықтауға және орындауға байланысты және Келісім-шарт жасасуға байланысты Биржа мен Қатысушы арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілуі тиіс.</p> <p>Егер Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, олар келіспеушіліктер мен дауларды Клирингтік қатысушылар туралы қағиданың талаптарына сәйкес шешеді.</p>	<p><b>11. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ</b></p> <p>11.1. Споры и разногласия между Биржей и Участником, возникающие в связи с осуществлением Биржей клирингового обслуживания в отношении сделок с финансовыми инструментами, заключенных Участником в торговой системе Биржи, а также в связи с определением и исполнением обязательств Участников и в связи с заключением Договора, подлежат разрешению путем переговоров.</p> <p>В случае если Стороны не достигнут соглашения, они разрешают разногласия и споры в соответствии с требованиями Положения о клиринговых участниках.</p>
<p><b>12. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ</b></p>	<p><b>12. ДЕЙСТВИЕ И РАСТОРЖЕНИЕ</b></p>

<b>ЖӘНЕ БҰЗЫЛУЫ</b>	<b>ДОГОВОРА</b>
<p>12.1. Келісім-шарт Биржаның Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішті алған күнінен бастап күшіне енеді және белгісіз уақыт қолданылады.</p> <p>12.2. Келісім-шарт:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Биржа Клирингілік қатысушыны клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап;</li> <li>2) Биржаның Қатысушыдан Келісім-шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламаны алған күнінен бастап бір ай (күнтізбелік 30 күн) өткен соң және Қатысушы Биржада жасалған мәмілелер бойынша орындамаған міндеттемелер болмаған және Клирингілік ережелерде көзделген талаптар сақталған жағдайда;</li> <li>3) Тараптардың бірі екінші Тараптан Келісім-шартты бұзу туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң;</li> <li>3) Келісім-шартта және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша бұзылған болып саналады.</li> </ol> <p>12.3. Келісім-шартты бұзу Тараптарды Келісім-шартты бұзғанға дейін туындаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.</p> <p>12.4. Тараптар Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындағаннан кейін Келісім-шарт бұзылған және Тараптардың міндеттемелері тоқтатылған болып есептеледі.</p>	<p>12.1. Договор вступает в силу с даты получения Биржей Заявления о присоединении к Договору и действует неопределенное время.</p> <p>12.2. Договор считается расторгнутым:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) с даты принятия Биржей решения о лишении Клирингового участника статуса клирингового участника;</li> <li>2) по истечении одного месяца (30 календарных дней) с даты получения Биржей уведомления от Участника об одностороннем отказе от исполнения Договора, и при условии отсутствия неисполненных Участником обязательств по заключенным на Бирже сделкам, и соблюдения требований, предусмотренных Правилами клиринга;</li> <li>3) по истечении 10 (десяти) календарных дней с даты получения одной из Сторон уведомления от другой Стороны о расторжении Договора;</li> <li>4) по иным основаниям, предусмотренным Договором и (или) законодательством Республики Казахстан.</li> </ol> <p>12.3. Расторжение Договора не освобождает Стороны от исполнения обязательств, возникших до расторжения Договора.</p> <p>12.4. Договор считается расторгнутым и обязательства Сторон прекращенными после исполнения Сторонами обязательств по Договору в полном объеме.</p>
<p><b>13. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР</b></p> <p>13.1. Биржа Келісім-шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге немесе Келісім-шарттың осындай өзгертулерін және/немесе толықтыруларын/жаңа редакциясын Биржаның <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> интернет-ресурсында орналастыру арқылы жаңа редакцияда бекітуге құқылы.</p> <p>Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоюмен Қатысушы Келісім-шартқа енгізілетін өзгертулерге және/немесе толықтыруларға қосылуға немесе</p>	<p><b>13. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ</b></p> <p>13.1. Биржа вправе вносить изменения и/или дополнения в Договор или утверждать в новой редакции путем размещения таких изменений и/или дополнений/новой редакции Договора на интернет-ресурсе Биржи <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>.</p> <p>Подписанием Заявления о присоединении к Договору Участник дает свое согласие на присоединение к изменениям и/или дополнениям в Договор или изложение Договора в новой редакции в целом, и согласен с</p>

<p>Келісім-шарттың жалпы жаңа редакцияда жазылуына өзінің келісімін береді және Қатысушы Биржаның <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> интернет-ресурсын қарау арқылы оған қосымшаларды қоса алғанда, Келісім-шарттың редакциясының өзгеруін дербес қадағалайтынына келіседі.</p> <p>Келісім-шартқа енгізілген өзгертулермен және/немесе толықтырулармен келіспеген жағдайда, Қатысушы Келісім-шартты бұзу туралы Биржаға жазбаша өтініш беру жолымен Келісім-шартты бұзуға құқылы.</p> <p>13.2. Келісім-шарт бойынша Қатысушының құқықтары мен міндеттері Биржаның жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға берілмейді.</p> <p>13.3. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының материалдық құқығымен және заңнамасымен реттеледі.</p> <p>13.4. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның клирингтік қызметіне қатысты Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.</p> <p>13.5. Қатысушы Клирингтік ережелермен, Клирингтік қатысушылар туралы қағидамен және Биржаның клирингтік қызметті реттейтін Биржаның <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған Биржаның өзге де ішкі құжаттарымен танысқанын растайды және олардың қағидаларының, шарттары мен талаптарының маңызын түсінеді, сондай-ақ олардың қағидаларымен, шарттарымен және талаптарымен сөзсіз келіседі.</p> <p>13.6. Қатысушы Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қатысушының, оның ішінде Биржаның пайдасына клирингтік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін анықтау; клиринг қорытындылары бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру, Қатысушыны қамтамасыз ету шоттарынан клирингтік алымдарды есептен шығару құқығымен танысқанын және келісетінін растайды.</p> <p>13.7. Қатысушы өзіне, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне қарсы халықаралық санкциялық тәртіпте</p>	<p>тем, что Участник самостоятельно отслеживает изменение редакции Договора, включая приложения к нему, посредством просмотра интернет-ресурса Биржи <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>.</p> <p>В случае несогласия с внесенными изменениями и/или дополнениями в Договор Участник вправе расторгнуть Договор путем подачи на Биржу письменного заявления о расторжении Договора.</p> <p>13.2. Права и обязанности Участника по Договору не могут быть переданы третьим лицам без письменного согласия Биржи.</p> <p>13.3. Договор регулируется материальным правом и законодательством Республики Казахстан.</p> <p>13.4. Договор разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Биржи, относящимися к клиринговой деятельности Биржи.</p> <p>13.5. Участник подтверждает, что он ознакомлен с Правилами, Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках и иными внутренними документами Биржи, размещенными на интернет-ресурсе Биржи <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>, регулирующими клиринговую деятельность Биржи, и понимает значение их положений, условий и требований, а также безусловно соглашается с их положениями, условиями и требованиями.</p> <p>13.6. Участник подтверждает, что ознакомлен и согласен с правом Биржи определять обязательства Участника, в том числе по уплате клиринговых сборов в пользу Биржи, в порядке, установленном внутренними документами Биржи; осуществлять расчеты по итогам клиринга, списывать клиринговые сборы со счетов обеспечения Участника.</p> <p>13.7. Участник гарантирует и заверяет, что против него, его участников/акционеров и бенефициарных собственников не применены ограничения и запреты, предусмотренные международным санкционным режимом, а также гарантирует, что в ходе осуществления своей деятельности соблюдает режим</p>
---	--

<p>көзделген шектеулер мен тыйым салулар қолданылмағанына кепілдік береді және сендіреді, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыру барысында АҚШ-тың, Еуропалық одақтың, Ұлыбританияның және өзге де қолданылатын заңнамалардың халықаралық санкциялар тәртібін сақтайтынына, Келісім-шартты жасасуға және/немесе орындауға кедергілердің/шектеулерінің жоқтығына кепілдік береді. Қатысушыға, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне халықаралық санкциялар қолданылған жағдайда, осы негіз бойынша Келісім-шартты мерзімінен бұрын біржақты бұзған жағдайда Қатысушының Биржаға қандай да бір талаптары болмайды.</p> <p>13.8. Егер Келісім-шарттың бір бөлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған жағдайда, онда бұл факт тұтастай алғанда Келісім-шарттың барлық бөліктерін және/немесе оның жекелеген бөліктерін автоматты түрде жарамсыз деп тануға әкеп соқпайды.</p> <p>13.9. Келісім-шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Келісім-шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде әртүрлі оқылған жағдайда, Келісім-шарттың талаптарын түсіндіру кезінде Келісім-шарттың орыс тіліндегі мәтінінде жазылған талаптар басым күшке ие болады.</p> <p>13.10. Келісім-шарттың қағидаларымен реттелмеген өзге де мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.</p>	<p>международных санкций США, Европейского союза, Великобритании и иных применимых законодательств, не имеет препятствий/ограничений на заключение и/или исполнение Договора. В случае применения к Участнику, его участникам/акционерам и бенефициарным собственникам международных санкций, Участник не будет иметь каких-либо претензий к Бирже в случае досрочного одностороннего расторжения Договора по данному основанию.</p> <p>13.8. В случае если одна из частей Договора будет в установленном законодательством Республики Казахстан порядке признана недействительной, то данный факт не влечет автоматического признания недействительными всего Договора в целом и/или отдельных его частей.</p> <p>13.9. Договор составлен на государственном и русском языках. В случае разночтения Договора на государственном и русском языках, преимущественную силу при толковании условий Договора имеют условия, изложенные в тексте Договора на русском языке.</p> <p>13.10. Иные вопросы, не урегулированные положениями Договора, разрешаются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p>
--	--



**Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелері**

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелеріне

**2 қосымша**

<p>Төлем карталарының банкаралық жүйесі есеп айырысуларының аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету туралы келісім-шартқа қосылу туралы</p> <p align="center"><b>ӨТІНІШ</b></p>	<p align="center"><b>ЗАЯВЛЕНИЕ</b></p> <p>О присоединении к договору об оказании услуг приема, учета и контроля залогового обеспечения в системе обеспечения завершения расчетов межбанковской системы платежных карт.</p>
<p>Осы Өтінішке қол қоя отырып, Биржамен жасалатын "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған тұтастай алғанда банкаралық төлем карталары жүйесі есеп айырысуларының аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету туралы келісім-шартқа қосылу туралы мәлімдейміз.</p>	<p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем о присоединении к договору об оказании услуг приема, учета и контроля залогового обеспечения в системе обеспечения завершения расчетов межбанковской системы платежных карт (далее – Договор) в целом, размещенном на интернет-ресурсе АО "Казахстанская фондовая биржа" (далее – Биржа) <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>, заключаемому с Биржей.</p>
<p>Осы Өтінішке қол қоя отырып, мыналарды мәлімдейміз:</p>	<p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем, что:</p>
<ul style="list-style-type: none"> <li>– Төлем карточкаларының банкаралық жүйесі есеп айырысуларының аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелерімен (бұдан әрі – Ережелер), Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерімен (бұдан әрі – Клиринг ережелері), Клирингілік қатысушылар туралы қағидамен, Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы қағидамен және Биржаның клирингілік қызметіне жататын Биржаның өзге де ішкі құжаттарымен таныстық;</li> <li>– Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушылар туралы қағидада (оның ішінде оған қосымшаларда) және Биржаның клирингілік қызметіне жататын Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген барлық шарттар мен талаптармен сөзсіз келісеміз және осы шарттар мен талаптарды сақтауға, осы шарттар мен талаптарды бұзғанымыз</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– ознакомлены с Правилами оказания услуг приема, учета и контроля залогового обеспечения в системе обеспечения завершения расчетов межбанковской системы платежных карточек (далее – Правила), Правилами осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами (далее – Правила клиринга), Положением о клиринговых участниках, Положением о членских взносах, биржевых и клиринговых сборах и иными внутренними документами Биржи, относящимися к клиринговой деятельности Биржи;</li> <li>– безусловно соглашаемся со всеми условиями и требованиями, установленными Правилами, Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках (в том числе приложениями к нему) и иными внутренними документами Биржи, относящимися к клиринговой деятельности Биржи, и обязуемся</li> </ul>

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелері

<p>үшін толық жауапты болуға міндеттенеміз;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– егер біз кейінірек өзгеше мәлімдемейтін болсақ, кейіннен енгізілген барлық өзгертулерді және/немесе толықтыруларды, Клиринг ережелерін, Клирингілік қатысушылар туралы қағиданы немесе оларды жаңа редакцияда жазуды және Биржаның клирингілік қызметіне қатысты Биржаның өзге де ішкі құжаттарын қабылдаймыз;</li> <li>– қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша, кепілдік жарнаны (кепілдік жарналарды), қамтамасыз етуді енгізу (қосымша енгізу), бойынша міндеттемелерді уақтылы орындауға, клирингілік алымдарды, оларды есептеу кезінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды) төлеуге, сондай-ақ Клирингілік ережелерге, Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Биржаның басқа да төлемдерін жүзеге асыруға және (немесе) шығыстарын өтеуге міндеттенеміз.</li> </ul>	<p>соблюдать эти условия и требования, нести полную ответственность за нарушение этих условий и требований;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– принимаем все внесенные впоследствии изменения и/или дополнения в Правила, Правила клиринга, Положение о клиринговых участниках или изложение их в новой редакции и иные внутренние документы Биржи, относящиеся к клиринговой деятельности Биржи, если иное не будет нами заявлено позже;</li> <li>– обязуемся своевременно выполнять обязательства по сделкам с финансовыми инструментами, по внесению (довнесению) гарантийного взноса (гарантийных взносов), обеспечения, уплачивать клиринговые сборы, неустойки (штрафы) при их начислении, а также осуществлять другие платежи и/или возмещать расходы Биржи в соответствии с Правилами, Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках и иными внутренними документами Биржи.</li> </ul>
<p>Осы Өтінішке қол қоя отырып, Клирингілік қатысушылар туралы қағиданың Келісім-шарттың Биржамен осы Өтінішті қабылдағаннан бастап жасалды деп есептелетіні туралы шартымен танысқанымызды және келісетінімізді мәлімдейміз.</p>	<p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем, что ознакомлены и согласны с условием Положения о клиринговых участниках о том, что Договор считается заключенным с Биржей с принятия Биржей настоящего Заявления.</p>
<p>Осы Өтінішке қол қоя отырып, Келісім-шарттың мынадай талаптарымен танысқанымызды және келісетінімізді мәлімдейміз:</p>	<p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем, что ознакомлены и согласны со следующими условиями Договора:</p>
<ul style="list-style-type: none"> <li>– Келісім-шарт Биржаның және Қатысушы клиенттерінің арасындағы қатынастарды реттемейді;</li> <li>– Қатысушы мәмілелер жасауға байланысты, оның ішінде ТКБЖ бойынша міндеттемелерді орындауға және/немесе тоқтатуға, сондай-ақ Ережелер мен Клиринг ережелерін қолдануға қатысты қандай да бір мәселелер туындаған кезде өз клиенттері алдында дербес (Биржаны тартусыз) жауапты болады;</li> <li>– Биржа Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қатысушының, оның ішінде Биржаның пайдасына клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін анықтауға; клиринг қорытындылары бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға, Қатысушыны</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Договор не регулирует отношения между Биржей и клиентами Участника;</li> <li>– Участник несет самостоятельно (без привлечения Биржи) ответственность перед своими клиентами при возникновении каких-либо вопросов, связанных с совершением сделок, в том числе касающихся исполнения и/или прекращения обязательств по МСПК, а также применения положений Правил и Правил клиринга;</li> <li>– Биржа вправе определять обязательства Участника, в том числе по уплате клиринговых сборов в пользу Биржи, в порядке, установленном внутренними документами Биржи; осуществлять расчеты по итогам клиринга, списывать клиринговые сборы со счетов</li> </ul>

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелері

<p>қамтамасыз ету шоттарынан клирингілік алымдарды есептен шығаруға құқылы және Биржаның осы абзацта және Биржаның ішкі құжаттарында көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыруына өз келісімін береді.</p>	<p>обеспечения Участника, и дает свое согласие на осуществление Биржей указанных в настоящем абзаце и внутренних документах Биржи действий.</p>
<p>Егер біз кейінірек өзгеше мәлімдемейтін болсақ, Қатысушы Келісім-шартқа енгізілетін өзгертулерге және/немесе толықтыруларға немесе Келісім-шарттың жалпы жаңа редакцияда жазылуына қосылуға өзінің келісімін береді және Қатысушы Биржаның <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> интернет-ресурсын қарау арқылы оған қосымшаларды қоса алғанда, Келісім-шарттың редакциясының өзгеруін дербес қадағалайтынына келіседі.</p>	<p>Участник дает свое согласие на присоединение к изменениям и/или дополнениям в Договор или изложение Договора в новой редакции в целом, если иное не будет нами заявлено позже, и согласен с тем, что Участник самостоятельно отслеживает изменение редакции Договора, включая приложения к нему, размещенной на интернет-ресурсе Биржи <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>.</p>

**Қатысушы:**

\_\_\_\_\_/Қатысушының жарғыға және заңды тұлғаны әділет органдарында заңды тіркеуге (қайта тіркеуге) сәйкес орыс тіліндегі толық және қысқартылған атауын көрсету қажет]

\_\_\_\_\_/БСН:

\_\_\_\_\_/банктік деректемелер^

\_\_\_\_\_/орналасқан жерінің мекен-жайы (әділет органдарында тіркелген мәліметтерге сәйкес пошталық және нақты мекен-жайы):

/e-mail

\_\_\_\_\_/телефондар: байланыс \_\_\_\_\_, ұялы байланыс: \_\_\_\_\_

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[тегі, аты-жөні]

<p>_____/Биржаның Өтінішті қабылдау туралы белгісі:</p> <p>* _____ (Өтінішті қабылдаған операциялық жұмыскердің аты-жөні, лауазымы, қолы мен мөрі қойылсын, түсіндірме алып тасталсын)</p> <p>* _____ қолы</p> <p>М.О.</p> <p>"__" _____ 20__ ж.</p>
--

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелері

---

---

\_\_\_\_\_ /Биржаның деректемелері:

Тіркеу орнының мекенжайы: 050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат, телефон: +7 (727) 237 5300, факс: +7 (727) 296 6402

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелері

---

---

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелеріне

**3 қосымша**

**"Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да қамтамасыз ету шотын ашу туралы**

### **Х А Б А Р Л А М А**

Осымен \_\_\_\_\_ (Қатысушының толық атауы) \_\_\_\_\_ (қамтамасыз ету шотын ашқан күн) "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да \_\_\_\_\_ (шот нөмірін) қамтамасыз ету шоттарын ашқанын хабарлайды.

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[тегі, аты-жөні]

Орындаушы: \_\_\_\_\_ (Ф.И.О.) \_\_\_\_\_ (тел.)

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелері

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде кепілдік қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету ережелеріне

**4 қосымша**

### Бағалы қағаздарды аударуға

## Ө К І М

Осымен \_\_\_\_\_ (Қатысушының атауы) Қатысушының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алдындағы \_\_\_\_\_ сомасына берешегін өтеу үшін мынадай мемлекеттік бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шотына аударуды сұрайды:

Р №	Мемлекеттік бағалы қағаздың биржалық коды	ISIN	Саны, дана	Мемлекеттік бағалы қағаздарды есептен шығару шотының нөмірі	Мемлекеттік бағалы қағаздарды есепке жатқызу шотының нөмірі

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[тегі, аты-жөні]

Орындаушы: \_\_\_\_\_ (Ф.И.О.) \_\_\_\_\_ (тел.)